




Автор: Турмысовна Алия ТУРМЫСОВНА
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Табиғи құбылыстар
Тақырып: Қош келдің, Наурыз!

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.1.1 Шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі, өз пікірін білдіруде вербалды емес тілдік құралдарды, сөйлеу барысында иллюстрациялар, суреттер қолданады. Көптеген оқушылар: Әдеби көркем сөздер (аллитерация, әсерілеу) ұғымымен танысады. Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Кейбір оқушылар: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, дұрыс оқу сауаттылығын қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін, сауатты жазу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды сақтауға мән беріледі.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар.Терминология. Сөз тіркестері: Әдеби мұра Әдеби көркем сөздер Халық ауыз әдебиеті
Күтілетін нәтиже:	Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алатын дағдысы жетілдіріледі. Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.
Бағалау критерийлері:	Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алатын дағдысы жетілдіріледі. Мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтап, шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құрастырады, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізіледі. Көркем шығармаға пікірін білдіруге және оны дәлелдеуге, шығарманың жанрлық ерекшелігіне байланысты өз пікірін білдіруді, сауатты жазу жұмыстарын жалғастырады. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне сыни баға береді, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты түсіне отырып, жоспар құруды түрлендіруді үйренетін әдістемені тәжірибеден өткізеді.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, көркем еңбек, жаратылыстану.
Бастапқы білім:	Бұған дейін оқушылар мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұматтарынан хабардар.Оларда оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру дағдылары қалыптасқан. Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтай алады. Негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау дағдысы жүйеленген.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Сергіту жаттығуы «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан білімімен барлығынан асып түссем деймін т.б. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Мамандық таңдау Топтық жұмыс Міржақып Дулатұлы Топтық жұмыс «Наурыз-думан» әнін (әнін жазған – Т. Сарыбаев, сөзін жазған – М. Мақатаев) тыңдап, өз ойыңмен бөліс. Тыңдаған ән сөзінде наурыз мерекесі қалай сипатталған?</p>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Түсініп оқы Түсініп оқы Наурыз Дескрипторы: Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып пікір білдіреді. Берілген тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз пікірін дәлелдейді</p>	<p>Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі.</p>  <p>Жұптық жұмыс</p> <p>Оқып, бір-біріңе түсіндіріңдер.</p> <p>Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс елдерінің көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, кавказдықтар да мерекелейді. Бірақ бұлардың бәрімен салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мерекелеуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыздың 22-сінде күн мен түн теңеледі. Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін еңбек сіңірген қазақ жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын?! Жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін?!</p> <p>Міржақып Дулатұлы</p> <p>Қорытындыла</p> <p>Наурыздағы табиғат саған несімен ұнайды?</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Орында</p> <p>Қою әріппен берілген сөйлемнің мағынасын сызба немесе сурет арқылы бейнелеңдер.</p> <p>Оқушының жазғанына қара. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып оқы.</p> <p>Ойлан</p> <p>Міне, көптен күткен көктем де келіпті. Ауылдың малы төлдеп _____ (отыр/жатыр).</p> <p>(Төрт/бес) _____ түлік төлдеп, адамдардың аузы аққа тиді.</p> <p>Құдық басынан (маңыраған/ мөңіреген/кісінеген) құлынның даусы естілді.</p>	<p>Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.</p>
<p>Рефлексия</p>	<p>5e4296b2ed44c.png</p> <p>Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі. Image not found or type unknown</p>	